

продолжается. Его пламенные строки никогда не утратят своей силы и свежести, потому что Абай навечно с народом.

Список использованной литературы

1. <https://articlekz.com/article/>
2. Ауэзов М.О. Мысли разных лет.–Алма-Ата, 1966.
3. Кунабаев А. Собрание сочинений в 2 - х т., 1977.
4. Калижанов У. Вечная поэзия Абая" // Казахстанская правда,№ 2, 1995.

АБАЙ АРМАНЫ

ӘлібековаӘ. Ш.,

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский Пушкинді орыс халқының тұңғыш ұлт ақыны деп бағалаған еді. Біз де Абайды қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы ақыны, тұңғыш классигі дегенді мақтанышпен айтамыз. Сонымен бірге ол ғұлама ойшыл, философ, композитор екені де баршаға мәлім.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! –

деген өлеңінде Абайдың өзінің бүкіл болмысы, жан сыры, күреспен өткен өмірі көрініс тапқан.

Енді осыған орай оның шыққан тегіне, өмірбаяндық деректеріне ой жүгіртіп қарайықшы. Оның руы – Арғын, оның ішінде – Тобықты. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы сол кездегі, сол маңайдағы қазақ руларының ішіндегі байының, биінің, беделді адамдарының бірі болған. Патша үкіметі оны он тоғызыншы ғасырдың орта тұсындағы бір сайлауда Қарқаралы дуанының (округінің) аға сұлтандығына бекітеді. Ол заманда дала заңы, бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша еркектердің бірнеше әйел алуы дағдылы іс, Абай да Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжаннан туады. Қазақта «Киіз үйдің жақсысы – ағашынан, ер жігіттің жақсысы – нағашыдан» деп айтылатын мақал бар. Осы тұрғыдан келгенде оның нағашы жұртының да осал болмағаны байқалады. Шешесі Ұлжан – Арғын ішіндегі Қаракесек руының шешендік, әзіл-әжуамен атағы шыққан Шаншар тобының қызы екен. Ұлжаннан Тәкежан, Абай, Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ» деуі сондықтан. «Әке – балаға сыншы» дегендей, Құнанбай да өз балаларының ішіндегі Абайдың алғырлығын, құймақұлақ зеректігін ерте таныған. Сөйтіп, оны Семей қаласындағы мұсылман имамы Ахмет Ризаның

медресесіне береді. Бұл медресенің бір артықшылығы – онда дін сабақтарымен бірге тарих, поэзия, математика, философия сияқты дүние тану пәндерін араластыра оқытады екен. Осы медреседе төрт жыл оқыған Абай Орта Азия әдебиеті классиктерінің шығармалырымен танысуға мүмкіндік алады. Өзі де соларға еліктеп, қысқаша өлеңдер жаза бастайды. Осыдан кейін Абайдан өзінің жолын жалғастыратын үлкен болашақ күткен Құнанбай 13 жастағы ұлын оқудан шығарып алып, қасында ұстайды. Әкесінің жанында жүріп, ел басқару істеріне араласқан бұл жылдарда Абай қазақтың білгірлері, ақындары, шешендері, жыршылары, күлдіргілері, ертегішілері, әнші-күйшілері сияқты өнер иелерімен жиі кездесіп, халқымыздың рухани байлығын бойына сіңіреді, өзі де шешен сөйлеуге дағдыланады. Осылайша тағы бір мектептен өткен Абай 1875 жылы Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болып тағайындалады. Бірақ ол болыс болып, би болып ел ішіндегі талас-тартысты, әділетсіздікті түзете алмасына көзі жетеді де, қалған өмірін біржола өлең жазуға, поэзиясымен туған халқының көзін ашуға, оған қызмет етуге арнайды.

Мұхтар Әуезов Абай туралы былай дейді: «Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы..., ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – Шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы, үшінші арна – орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті». Осы тұста Абайдың бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай айрықша қасиетіне, қабілетіне назар аудара кеткеніміз артық болмайтын секілді. Ол – өз бетімен талмай ізденіп, жүйелі түрде еңбектеніп, зерттеп оқып, табандылықпен араб, парсы және орыс тілдерін үйреніп алғаны, сол тілдердегі еңбектерді, шығармаларды оқып, өзінің көңіл көкжиегін кеңейткені, білім биігіне құлаш ұрғаны. Туған топырағының дәстүрлі мәдениетінің қайнар бұлағынан сусындап өскен Абайға Шығыстың даналық ойлары мен классикалық әдебиеті, Батыстың мәдени және әдеби үрдістері, Пушкин мен Белинскийден басталатын орыстың ұлы әдебиеті өзінің ықпалы мен шапағатын тигізгені, биікке самғайтын қанат бітіргені күмәнсіз. Бүкіл адамзаттың ең асыл армандарымен үндесіп жатқан өлеңдері Абайды өз халқының классигіне, бүкіл әлемдік тұлғаға айналдырды. Оның дүниетанымы мен философиясын қалыптастыруда Шығыстың рухани қазынасының, әсіресе бай парсы әдебиеті мен мәдениетінің ықпалы мен әсері мол болғаны жөнінде академик К. Сағадиевтің, басқа да авторлардың еңбектерінде айтылады. Абай Шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Низами, Хафиз, Жами, Сағди, Сәйхали және басқа да алыптардың сиқырлы әуез, биік ұлттық рух, қиыннан қиысқан шынайы шеберліктің үлгісіндей ғажайып поэзиясынан

қуат алып, өмір бойы солардың дәстүрінен қол үзген жоқ. Шығыстың сұңғыла ойшыл ақындарының адамға деген сүйіспеншілікті тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері Абай лирикасы мен поэзиясына да тән. Абай поэзиясы адамды адамгершілікке, имандылыққа, кісілікке, парасаттылыққа, ішкі рухани дүниені таза ұстауға, еңбексүйгіштікке үндейді. Адал еңбек адамның жан дүниесін көркейтіп, табандылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, өжеттілікке, алғырлыққа, кәсіпкерлікке баулитынын айтады. «Еріншектік күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады,» – дейді ол. Қысқасы, ғұлама философ ақын – еңбекті байлық пен игіліктің қайнар көзі, адам қызметінің ең биік өлшемі, халқына, еліне жалықпай қызмет етудің, оның ұлттық мүддесін жүзеге асырудың, ар-намысын қозғаудың басты көрсеткіші деп біледі.

Абай Семейдегі Ахмет Ризаның медресесінен кетер алдында үш айдай орысша оқыған, осы тілде аздап жаза және сөйлей білген. Елге қайтқаннан кейін де Семеймен қатынасын үзбей, ондағы орыстардан достар тапқан, әсіресе саяси көзқарастары үшін жер аударылған орыс оқымыстылары А. И. Долгополовпен және Е. П. Михаэлиспен танысып, орысша білімін тереңдете түсуге жәрдем алған. Семейде айлап жатып және ауылға алып кетіп, Гоголь атындағы кітапхананың көп кітаптарын оқыған. Абайға орыс тілін үйренуге өз інісі Халилolla (Халел) Өскенбаев та көмектескен. Ол орысша бастауыш білімді Семейде алған, одан кейін Омбыдағы кадет корпусында, Мәскеудің Павлов атты әскери училищесінде оқыған.

Замандастарының, әсіресе Г. Н. Потаниннің сипаттауында Халел әскери іспен қатар көркем әдебиетті де жақсы білген. Өкінішке орай ол әскери қызметте жүргенде жасы отызға жетпей қайтыс болады. Осы адамдардың ақылымен және өз ынтасымен Абай орысша кітаптарды көп оқиды. Бұлар – тек орыс авторларының шығармалары емес, дүние жүзінің басқа да ғалымдары мен жазушыларының орыс тіліне аударылған еңбектері еді. Солардың ішінде Абай Ежелгі Грецияның атақты ғалымы Аристотельдің философиялық және әдеби шығармаларымен толық танысқан, сол кездің атақты данышпаны Сократты да білетіндігі шығармаларынан көрініп отырады.

Орыстың ойшыл ғалымдарынан Абай В. Г. Белинскийді айрықша ұнатып оқығанын, қадір тұтқанын айту ләзім. Оның эстетикалық қағидаларын өз шығармаларына таяныш етіп қолданған. Сайып келгенде бұл қағидалардың айтары: өнер – өнер үшін емес, өмір үшін; көркем шығарманың міндеті – өмір шындығын шынайылықпен қаз-қалпында сипаттау; ақынның міндеті – өз заманының жыршысы болу, өз ұлтын сүйген адам ғана бүкіл адамзатты сүйе алады. Көркем әдебиетке осындай талаптармен қараған Белинский орыс әдебиетінің шын мағынасындағы бірінші ұлттық ақыны деп Пушкинді таныған. Пушкиннен бұрынғы және онымен тұстас орыс ақын-жазушыларының бәрі Ресей жерінде ағатын ұсақ

өзендер болса, Пушкин солардың бәрін бойына жинайтын Еділ деген пікірде болған. Белинскийдің ұстанымдарын өз шығармашылығына нысана еткен Абайдың өзі де қазақтың бас ақыны, бірінші ұлттық ақыны болды.

Абайдың әлеуметтік-саяси көзқарастары прогресшіл бағытта болғанын айтқан жөн. Ол өз кезіндегі патриалхалдық-феодалдық қоғамдағы надандықты, кертартпалықты, әділетсіздікті, заңсыздықты, зорлық-зомбылықты аямай сынады. Үстем тап өкілдерінің жарлы-жақыбайға жасаған қаталдығына, жауыздығына қарсы шығып, замандастарын мейірімділікке, гуманизмге шақырды.

Абай, объективтік тұрғыдан алғанда, еңбекші шаруалардың идеологы, сәулетті болашақтың жаршысы болды. Ол өз халқын экономикалық және мәдени мешеулікке қарсы күреске, прогреске, отырықшылыққа, шаруашылық пен мәдениетті жан-жақты дамытуға, халықты ағартуға, білімге шақырды. Абай әрбір адамды «әрекет қыл, пайдасы көпке тисін» деп қоғамға да, өзіне де пайдалы пайдалы еңбек етуге үндейді. Оның ұғымында шаруа білген, ерінбей еңбек ететін адамның бәрі жақсы, жек көретіндері – еңбекке ынтасы жоқ, жатып ішер арамтамақтар. Абай қоғамдық өмірдің, оның ішінде қазақ өмірінің шынайы келбетін, әлеуметтік, таптық теңсіздігін көре білген суреткер.«Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!» – деп байлардың есігінде жалшы болып күн кешкен кедейлерге жүрегі езіле жаны ашыды.

Абай мектеп ашуды, бала оқытуды, ғылымды білуді, халықты ағартып, мәдениетін көтеруді қазақ елінің көсегесін көгертетін жол деп білді. Сондықтан да халқының «көңіл көзін» ашу, сана-сезімін жетілдіру үшін қазақ жастарын оқуға шақырды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін, Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деп бар үмітін оқуға, талапты жастарға артты. Өзі туралы: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім, Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкіне отырып, өз балаларын оқуға береді. Абайдың тұсында қазақ балаларына қолайлы оқу орны мектеп-интернат еді. Соның бір-екеуі (бір ұлдар мектебі мен бір қыздар мектебі) Семей қаласында да болған. Интернатта оқып жүрген балаларға Абай бірнеше өлең арнап, өте пайдалы ақыл-кеңестерін айтады.

Абай өмір сүрген ғасырдағы қазақ қоғамындағы ең ауыр мәселенің бірі – әйел теңсіздігі болатын. Әйелді «қалың малға» сату ертеден жалғасып келе жатқан, талай жастардың өмірін өксіткен кертартпа дәстүр еді. Абай өзінің көркем шығармаларында бұл әдетке түбірімен қарсы болды. «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба, Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан қапы қалма!» деп жастарға дұрыс жол нұсқайды.

Әрине, шағын мақалада Абай шығармаларының барлық қадір-қасиетін түгел айтып жеткізу мүмкін емес. Оның біздерге қалдырған рухани мұрасынан XIX ғасырдың екінші жартысындағы тәуелсіздікке, егемендікке ұмтылған халқымыздың тағдыры мен тауқыметі анық көрінеді. Абай сияқты ғұлама тұлғалар өздері өмір сүрген уақыттың ғана емес, өзінен кейінгі дәуірлердің, ғасырлардың да ұрпақтарына үлгі-өнеге шашатын ұлт ұстазы, жарық жұлдызы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиет

1. ҚұнанбаевА. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972.
3. СағадиевК. Абай әлемі.//Айқап журналы, №5, 2012.

АБАЙ – АУДАРМАШЫ: ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП...

Бобровский Б.,
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Абай аудармаларының сипатына жалпы шолу жасасақ, ол ақындардың кез келген өлеңдерін аударма бермеген. Таңдап, талғап аударған. Абайдың аударған өлеңдері не адамгершілік тақырыбына байланысты жаман мінез-құлықты шенеу, жақсылыққа үндеу, не патриоттық үлкен идеяны көксеген өлеңдер, не терең ой – философия, не үздік көркем өлеңдер болып келеді. Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды орыстың ұлы классиктерін аударуы кездейсоқ емес, заңды, екі түрлі күрделі себептерге негізделген. Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі – дәл аударма, екіншісі – ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын ұйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де беріксіз ақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлең буындарына дәл келе бермейді. Өйткені орыс өлеңі – тониктік не силлабо-тониктік өлең құрылысына жатады да, қазақтікі – силлаболық өлең құрылысына жатады. Сондықтан Абай аударған өлеңдерінің буынын қазақша дәл беруге мүмкін болмаса да, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударылады. Кейде ұқсастарын, кейде тіпті образдарын да дәлме-дәл шығарады. Мәселен:

Қазақшасы:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланыжым-жырт дел-сал ғып,